



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ПРОГРЕСКЕ 30
ЖЫЛ»**

XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
9 сәуір 2021 ж.

**«INDEPENDENT KAZAKHSTAN: 30 YEARS OF STABILITY AND
PROGRESS»**

Proceedings of the XI-International Scientific and Practical Conference
on April 9, 2021

**«НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: 30 ЛЕТ СТАБИЛЬНОСТИ И
ПРОГРЕССА»**

Материалы XI-Международной
научно-практической конференции
9 апреля 2021 г.

Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

К.полит. наук, ассоциированный проф. **М.К. Дюсембекова**, Казахстан
Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия
Кандидат политических наук, доцент **М.К. Тулебаева**, Казахстан
Магистр социальных наук, преподаватель **Н.Болатулы**, Казахстан

«Независимый Казахстан: 30 лет стабильности и прогресса».

Сборник материалов XI-Международной научно-практической конференции. (9 апреля 2021 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

**© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021.**

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

формах и погонах, т.е. представители правоохранительных органов, приграничной и миграционной служб. Респонденты считают, что туризм должен стать национальной идеологией, каждый житель страны должен понимать, что туризм – это еще один вид заработка и желать, чтобы туристы посещали страну. Но, к сожалению, как жители Казахстана, так и чиновники часто задаются вопросом, зачем они нам нужны, если казахстанцам и так сложно получить Шенгенскую визу, тогда усложним процедуру получения казахстанской визы.

Таким образом, представители туристской отрасли утверждают, что все должны понимать, что отечественная индустрия туризма находится на начальном этапе своего развития, соответственно следует применять все способы для ее скорейшего процветания. Кроме того, считаем, что следует максимально использовать свое миролюбие и желание видеть иностранных туристов, ведь недаром зарубежные гости отмечают толерантность и гостеприимство казахского народа. Также считаем необходимым минимизировать общение иностранцев с представителями миграционной, дорожной полиции, чтобы не вызывать лишнюю обеспокоенность. В последнее время хотелось бы отметить риски, связанные с иностранными туроператорами, которые взимают оплату с отечественных компаний и не принимают казахстанских туристов. В этом случае казахстанские предприниматели остаются, к сожалению, незащищенными.

В целом, я считаю, что Казахстан обладает большим потенциалом для развития отрасли и привлечения внимания туристов из стран СНГ и дальнего зарубежья. Главное – не навредить природе. В этой связи необходимо соблюдать баланс между сохранением природы и привлечением туристов. Более того, полноценное развитие туризма возможно при постоянной и комплексной поддержке бизнеса государством, а не в режиме полумер.

Список литературы

1. UNWTO Tourism Highlights. – Madrid, Spain, 2019. – 16 p.
2. Jennifer Blanke, Thea The Travel & Tourism Competitiveness Report 2018. – World Economic Forum, Geneva
3. Туризм Казахстана 2008-2012: Статистический сборник на казахском и русском языках. – Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2013. – 133 с.// <http://www.stat.gov.kz>
4. О деятельности мест размещения в Республике Казахстан // Туризм. Серия 19. – Астана: Агентство Республики Казахстан по статистике, январь-декабрь, 2019. – 36 с.// <http://www.stat.gov.kz>
5. Дюсембекова Ж.М. Маркетинговые исследования: учебник. – Алматы: Экономика, 2016. – 472 с.

Тлеубаева Ж.П.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

jadi-14@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ САЯСАТЫНА ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН
РЕФОРМАҒА ТАЛДАУ**

Annotation. The problem of material support for a dignified old age is relevant for all countries of the world, including the economically prosperous ones. This is due to the natural increase in the proportion of elderly citizens in the total population due to the evolution of social and economic relations between the state and the citizen, employer and employee, parents and children.

Key words: pension system, reform, government provision, government policy

Лайықты қарттықты материалдық қамтамасыз ету проблемасы әлемнің барлық елдері үшін, оның ішінде экономикалық тұрғыдан әл-ауқаты барлар үшін де өзекті. Бұл мемлекет пен азаматтың, жұмыс беруші мен қызметкердің, ата-аналар мен балалардың әлеуметтік және экономикалық өзара қарым-қатынастарының эволюциясы салдарынан халықтың жалпы санындағы қарт азаматтар үлесінің табиғи ұлғаюына байланысты.

Зейнетақы жүйесінің параметрлері негізгі макроэкономикалық және демографиялық көрсеткіштермен байланысты болуы керек. Осы мақсаттарға жету үшін зейнетақы жүйесінің негізгі институттарын жаңарту қажет. Сонымен қатар, осы жүйенің үздіксіздігін қамтамасыз ету және әлеуметтік және сақтандыру қағидатын сақтау қажет, оған сәйкес еңбек зейнетақысы - зейнеткер жасына жеткен жағдайларда қызметкердің жалақысының бір бөлігі үшін өтемақы сақталуын қамтамасыз ету керек.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға сәйкес зейнетақы жинақтары деп салымшының (зейнетақы төлемдерін алушының) оның жеке зейнетақы шотында жазылған ақшасын, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын, инвестициялық кіріс, сыйақы және басқа түсімдері болып табылады [1].

Әлемдік тәжірибиеде егде жастағыларды зейнетақымен қамтамасыз етудің негізгі 2 түрі белгілі: қайта бөлу және жинақтау. Әлемдік тәжірибие қайта бөлу және жинақтау жүйелерінің екі түрінің де өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар екендігін көрсетіп отыр. Қайта бөлу зейнетақы жүйесінің артықшылығы - зейнетақы көлемінің қаржы нарығы мен зейнетақы қорының қызметінен тәуелсіз екендігінде. Осы жүйе жоғары жалақы алмайтын азаматтарды қаржыландырумен қамтамасыз етеді. Зейнетақы жинақтау жүйесі өзін-өзі егде жасқа жеткенше зейнетақымен қамтамасыз етуді ойластырады. Жалпы алғанда, әлемдік тәжірибиелердің көрсетуі бойынша қайта бөлу және жинақтау жүйелерінің қосындысынан тұратын бірнеше сатылы зейнетақы жүйесі ең тиімді және қаржылық жағынан тұрақты болып келеді. Екі жүйенің қосылуы әр жүйедегі өзіндік кемшіліктерді жоюға жол ашады [2].

Зейнетақы реформасы – зейнетақымен қамтамасыз ету шарттарының өзгеруімен байланысты ұйымдастырушық, құқықтық, экономикалық және саяси іс - шаралар. Зейнетақы жүйесіне қатысты ішіндегі жинақтау (болашақ зейнеткерлердің өзінің жалақы қорынан алынатын және инвестицияланатын) немесе ерікті (еңбекке қабілетті азаматтардың сақтандыру жарналары) бөлігінде, сондай-ақ зейнетақының мөлшері мен шарттарына (жасы бойынша, медициналық, әлеуметтік) қатысты болуы мүмкін.

Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» жолдауының IV тарауында «Азаматтардың әлеуметтік әл-ауқаты – басты басымдық» деп зейнетақы жүйесіне жаңа реформа жүргізуді тапсырды. «Қазір жұмыс істейтін адам зейнетақы жинақтарын тек зейнетке шыққаннан кейін ғана пайдалана алады. Адамдардың бұл қаражатты зейнетке шыққанға дейін де пайдаланғысы келетінін түсінуге болады» - деді президент. Осыған байланысты ол үкіметке жұмыс істейтін азаматтардың зейнетақы жинақтарының бір бөлігін 2020 жылдың аяғына дейін мақсатты пайдалануы, мысалы, үй сатып алу немесе білім алу үшін мақсатты пайдалану мәселесін пысықтауды тапсырған болатын [3].

«Әлеуметтік инфрақұрылымның тағы бір маңызды элементі - бұл отандық зейнетақы жүйесі, ол әділ, тұрақты және адамдардың мүдделеріне сай болуы керек. Біз өте маңызды, бірегей реформаны бастадық - зейнетақы активтерін ішінара алу мүмкіндігі», - деп Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде атап өткен болатын.

Аталған жылдың қараша айының басында Мәжіліс депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады, ал 2020 жылдың 23 қарашасында Парламент заңды қабылдады. 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақстандықтар өздерінің жинақталған зейнетақы

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

қаражатының бір бөлігін емдеуге, тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе активтерді басқарушы компанияларға беруге мүмкіндік алды.

БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар төмендегі адамдар зейнетақы жинақтарының бір бөлігін өзінің, жұбайының (зайыбының) жақын туыстарының тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында және (немесе) өздері немесе жұбайы (зайыбы) не жақын туыстары үшін емделу ақысын төлеу үшін пайдалану құқығын қолдана алады.

2021 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша уәкілетті операторлардан («ҚТҚЖБ» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Алтын банк» АҚ) 267 759 өтініш келіп түсті. Жалпы сомасы 940,7 млрд теңгеге 184 109 өтініш орындалды. Салымшылардың арнайы шоттарына түскен төлемдердің орташа сомасы 5,1 млн. теңгеден асады [5].

Стратегиялық бастамалар орталығы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі - БЖЗҚ) қаражат аудару үшін үнемдеу және ынталандыру мәселерді шешуде Сингапур тәжірибесін қолданды.

Ал енді алып мемлекет Сингапурдың халықты зейнетақымен қамтамасыз етудегі мемлекеттік саясаты қандай деңгейде және қаншалықты біздің елге сәйкес келеді? Сингапур мен Қазақстанның зейнетақы жүйесіне талдау жасайық.

Сингапурда жұмыспен қамтылған азаматтардың 91%-ы үнемі зейнетақы жарналарын төлейді. Сарапшылар мұны сингапурлықтардың қызығушылығымен байланыстырады. Әрбір азамат өзінің жеке шотына жарна салады, ол үш бөліктен тұрады: қарапайым (тұрғын үй, сақтандыру, білім беру және инвестициялау үшін), арнайы (нақты зейнетақы) және медициналық. Сингапур тұрғыны бұл қаражатты өз қалауы бойынша, бірақ тек белгілі бір мақсатта қолдана алады. Сингапурдың зейнетақы жүйесі - бұл бай, ескі және жетілдірілген, жарналардың мөлшері жоғары экономикалық модель. Жүйенің ерекшелігі:

- Сингапурлықтар Орталық жинақтау қорына аударымдар жасайды. Жинақталған зейнетақы жүйесін тартымды ету үшін қордағы зейнетақы қорларына банктік сыйақымен салыстырғанда жоғары пайыздар қойылған (қордағы кірістілік мөлшері банктерге қарағанда 2 есе жоғары). Мемлекет зейнетақы жүйесін (жинақтау құралы ретінде) қарапайым депозиттерге қарағанда тиімдірек ойластырып қойған.

- Сингапурда зейнетақы жинайтын бір қор, ал Қазақстанда төртеу (әлеуметтік сақтандыру қоры, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, міндетті медициналық сақтандыру қоры және алғашқы зейнетақы төлеуші ретінде мемлекет).

Осыдан барлық әлеуметтік тәуекелдерді бір қорға біріктіру туралы ұсыныс туындайды. Мұндай бірігудің артықшылықтары мультипликативті болады. Қор жарналары, активтер резервінің саясаты, төлем және әр түрлі қаржылық көрсеткіштер бір-бірінен бөлек актуарлық модельдер негізінде жүзеге асырады. Демек, әр түрлі макроэкономикалық, демографиялық және әлеуметтік көрсеткіштерді бағалауды әрбір оператор дербес жүзеге асырады. Бұл жағдай әртүрлі теріс үрдістерге, мысалы, қауіптерді консервативті бағалауға әкеледі, бұл өз кезегінде артық қаржыландыруға және т.б. әкеп соғады.

Барлық әлеуметтік тәуекелдердің жан-жақты актуарлық моделі тұтастай алғанда Қазақстандағы әлеуметтік қорғаудың қаржылық негіздерін қайта қарауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік қатерлерді (еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу, асыраушысынан айрылу, жүктілігі және босануы бойынша төлемдер, бала күтімі, зейнетақы, медициналық сақтандыру) бағалауды жалпы қорытындыға дейін жеткізу мемлекеттің, жұмыс берушінің және қызметкердің қатысуын теңгерімдеуге мүмкіндік береді.

Тіпті терең қарастырмай-ақ, бірыңғай операторды құрудың пайдасы зор болатыны түсінікті. Мемлекет тек қана әлеуметтік қорғау барысында ондаған немесе жүздеген миллиард теңге үнемдейді.

Сонымен қатар Сингапурда жұмыспен қамтылған азаматтардың 91%-ы зейнетақы жарналарын тұрақты түрде төлейді. Сарапшылар мұны сингапурлықтардың қызығушылығын

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

апарады. Әрбір азамат өзінің есепшотына жарна енгізеді, ол үш бөліктен тұрады: қарапайым (тұрғын үй, сақтандыру, білім және инвестициялар үшін), арнаулы (өз зейнетақысы) және медициналық. Сингапур бұл қаржыны өзі көретіндей, тек белгіленген мақсаттарға ғана пайдалана алады [4].

1-кестеде салымшылардың өткір қажеттіліктеріне қаражат алу үшін зейнетақымен қамсыздандырудың екі моделіне салыстырмалы талдау жасалды.

1-кестеде Зейнетақымен қамсыздандырудың екі моделіне салыстырмалы талдау

	Сингапур моделі	Қазақстандық модель
Зейнетақы жүйесі	Мемлекет бюджетінен қамтамасыз етілетін базалық және ерікті компоненттер жоқ	Мемлекет бюджетінен қамтамасыз етілетін базалық және ерікті компоненттерге ие
Ерекшеліктері	Азаматтар әлеуметтік қауіптерге байланысты өмірдің барлық жағдайына: болашақта тек өз жинақтарына ғана сенетіндей және мемлекетке үміттенбей зейнетке, тұрғын үйге, білімге, медицинаға жинақ жинайды	Жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы жинақтары ғана жинақталады және салымшылардың меншігі болып табылады. Басқа да әлеуметтік аударымдар елдің бюджетіне (әлеуметтік салық) және әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорына (МФҚБК және МФҚБК) түседі.
Зейнетақы жүйесінің мерзімі	60 жастан жоғары (1955 жылдан бастап)	20 жылдан аса (1998 жылдан)
Жинақталған сумма	417,5 млрд АҚШ долл.	27 млрд АҚШ долл. (10,4 трлн тг)
Бір салымшыға жинақтың орташа мөлшері	105,4 мың АҚШ долл.	2,6 мың АҚШ долл.
Қызметкер мен жұмыс берушінің ай сайынғы жиынтық үлесі	Орта есеппен жұмыскер жалақысының 37% құрайды	БЖЗҚ-ға бар болғаны жалақының 10% -ы жарна ретінде енгізіледі
Орташа жалақы	4096 АҚШ долл.	495,4 АҚШ долл.
<i>Кесте автормен құрастырылды</i>		

Реформаның негізгі идеясы – азаматтар өз аударымдарының бір бөлігін тұрғын үй немесе медициналық мақсаттарға пайдалана алуы. Бұл азаматтардың Қазақстанның зейнетақы жүйесіне деген сенімін арттыру құралы ретінде есептелді.

Алайда, реформа бойынша бірқатар мәселелер де туындап отырғанын Еңбек және халықты әлеуметтік министрлігі атап өтті. Олар:

1. Жұмысшылардың табыс деңгейінің төмендігі (50 % салымшының табысы 80 мың тенгеге дейін)
2. Зейнетақы активтерінің төмен инвестициялық кірісі (орташа «таза» табыс деңгейі жылына 1 %-дан төмен)
3. Зейнетақы жарналарын төлеудің тұрақсыздығы (еңбек шартынсыз жұмыс істейтіндердің көптігі) [6].

«Тәуелсіз Қазақстан: тұрақтылық пен прогреске 30 жыл» атты XI-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

Жоғарыда аталған бірқатар мәселелер мен жоғары деңгейлі модель ерекшелігін қарастыра отырып, бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып ел экономикасына сай саяси шешімді оңтайландыру әдісін табу керек. Бұл әрине халықтың тұрмыс деңгейін көтеруге, көлеңкелі экономиканы дамытушылардың санын азайтып, халықты зейнетақы қорына деген сенімділігін арттыруға бағытталған таптырмас құрал болып отыр.

Әлемнің бірде-бір елінде зейнетақы жүйесінің мінсіз үлгісі жоқ екендігі сөзсіз. Әрбір, үлгінің мықты және осал тұстары бар және ол белгілі бір міндеттерді шешуге бағытталған. Зейнетақыны түрлі құрауыштан төлеуді көздейтін зейнетақы жүйесінің әртараптандырылған үлгісі зейнетақы жүйесінің түрлі құрауыштарының мықты және осал тұстары арасында оңтайлы теңгерім табуға және бір құрауыштың кемшіліктерін екінші құрауыштың артықшылықтары есебінен өтеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан көптеген Еуропа елдері сияқты халықтың қартаюы проблемасына кезігеді, ол кезде жыл өткен сайын зейнеткерлердің саны тұрақты түрде өсіп, ал жұмыс істемейтін азаматтардың саны баяу өседі.

Зейнетақымен қамтамасыз ету - мемлекеттің маңызды әлеуметтік-экономикалық міндеттерінің бірі. Әрине, халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық-құқықтық сауаттылығын арттыру, халықтың жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сенімін нығайту үшін көп нәрсе істеу қажет.

Бүгінде еліміз ауқымды экономикалық өзгерістер кезеңінде тұр. Мемлекетіміз жан-жақты дамып қана қоймай, экономикалық өсудің жоғарғы қарқынына жетуді мақсат етуде. Ал экономикалық өсудің жоғарғы қарқынына жету үшін саяси тұрақтылықпен қатар, мақсатты, жүйелі реформалар қажет екені сөзсіз. Осындай маңызды реформалардың бірі – зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің реформасы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 18 маусымдағы 841 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ
3. Қ.К.Тоқаевтың «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» жолдауы
4. «Зейнетақы жүйесінің типтері» <https://www.enpf.kz/ru/pension>
5. <https://www.enpf.kz/ru/about/press-center/news/>
6. Защита социальных прав граждан, цифровизация услуг, пенсионная реформа — реализация важных социальных проектов по итогам 2020 года, Официальный информационный ресурс Премьер-Министра Республики Казахстан, 26.02.2021 год
- 7.

Толеу Д.Т.
Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Республика Казахстан
[**didarteukz@gmail.com**](mailto:didarteukz@gmail.com)

**РОЛЬ PR-ТЕХНОЛОГИЙ В ГОСУДАРСТВЕННОМ УПРАВЛЕНИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Annotation. Annotation: currently, the practice of informing of the population concerning the policy at the state and municipal level has become an important indicator of the openness of government bodies and efficiency of economic development. The paper analyzes the Kazakhstan's